

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
акционерлерінің сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданатын,  
кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлама**

Құрметті "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлері,

"Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Биржа) атқарушы органының (Басқарма) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А15G7M6 (050040), Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" көпфункционалы кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8-қабат, өз акционерлеріне Биржаның Директорлар кеңесінің (2025 жылғы 06 қазандағы № 33 отырысының хаттамасы) шешіміне сәйкес (бастамасы бойынша) 2025 жылғы 11 қарашада Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өтетінін хабарлайды.

Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысын (бұдан әрі – Жиналыс) өткізбей, Биржа акционерлерінің **сырттай дауыс беруі арқылы** өткізіледі.

**Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен қалыптастырылған,  
Жиналыстың күн тәртібі**

1. Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелеріне ай сайын төленетін сыйақының мөлшерін белгілеу туралы.
2. Директорлар кеңесі туралы қағидаға енгізілген № 6 өзгерістер мен толықтыруды бекіту туралы.
3. Бағалы қағаздар нарығындағы қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру құқығын беретін қызмет түрін алып тастау туралы уәкілетті органға ерікті түрде жүгіну туралы.

Акционерлік қоғамдар туралы заңның 43-бабының 6-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

Жиналысқа қатысуға құқығы бар Биржа акционерлерінің тізімі **2025 жылғы 09 қазандағы** жай-күйі бойынша Биржа акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінің деректері негізінде жасалады.

Сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін бюллетеньді тапсыру аяқталатын күн – **2025 жылғы 10 қараша**.

Сырттай дауыс беру нәтижелері есептелетін күн – **2025 жылғы 11 қараша**.

Жиналыста дауыс беру қорытындысын шығарған кезде Биржа өзінің акционерлерінен **2025 жылғы 10 қарашада** сағат 18.00-ге дейін (Астана қ. уақыты бойынша) алған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер ескерілетін болады.

## **Қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарымен таныстыру тәртібі**

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар және дауыс беруге арналған бюллетень осы хабарламаға қоса беріледі, Биржа акционерлеріне электрондық тәсілмен жіберіледі және акционерлер үшін мына мекенжай бойынша қолжетімді болады: Қазақстан Республикасы, А15G7M6 (050040), Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" көпфункционалы кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8-қабат, сондай-ақ төмендегі сілтеме бойынша Биржаның корпоративтік интернет-ресурсында жарияланады: <https://kase.kz/kz>.

Биржа акционерлерінің сырттай дауыс беруіне қатысты қосымша ақпаратпен мына телефон арқылы танысуға болады: 8 (727) 237 53 43.

### **Дауыс беру тәртібі**

Биржа акционерлерінің сырттай дауыс беруі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 49-бабына сәйкес жүргізіледі.

Биржа акционерлерінен сырттай дауыс беруді жүргізудің келесі тәртібімен және сырттай дауыс беру процедуранымен танысуды сұраймыз.

1. Биржа акционерлерінің жалпы жиналасын өткізбей, сырттай дауыс беру арқылы жалпы жиналысқа қатысу сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді толтыру арқылы жүзеге асырылады.
2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе бойынша дауыс беру алдында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдегі акционер және оның жеке мәліметтері туралы барлық жолды толтыру қажет.

Жеке тұлға – акционердің оның жеке басын куәландыратын құжаттағы жеке мәліметтері, сондай-ақ жеке тұлға – акционердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесінде көрсетілген оның жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері Биржаның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесіндегі мәліметтер негізінде құрастырылған акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімінде көрсетілген және жеке тұлға – акционер (немесе оның өкілі) толтырған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдегі мәліметтермен сәйкес болуға тиіс.

Заңды тұлға – акционердің оның құрылтай құжаттарындағы мәліметтер, сондай-ақ Биржаның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесіндегі мәліметтер негізінде құрастырылған акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімінде көрсетілген заңды тұлға – акционердің құрылтай құжаттарының көшірмелерінде көрсетілген оның құрылтай құжаттарының деректемелері мен заңды тұлға – акционер толтырған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдегі мәліметтермен сәйкес болуға тиіс.

Сәйкессіздік болған кезде, егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньмен бірге акционер (немесе оның өкілі) "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ ұстаушылар тізілімі жүйесінде көрсетілген мәліметтердің/деректемелердің өзгергенін растайтын құжаттарды (құжаттың түпнұсқасын немесе нотариус растаған көшірмесін) қосып бермесе, сырттай дауыс беруге арналған бюллетень жарамсыз деп саналады.

3. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға – акционер (жеке тұлға – акционердің өкілі) осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс.

Заңды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньге оның басшысы (заңды тұлға – акционердің өкілі) қол қоюға тиіс.

Акционердің өкілі сырттай дауыс беру үшін бюллетеньге қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер өкілінің өкілеттілігін растайтын сенімхаттың немесе өзге құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Жеке тұлға – акционердің не заңды тұлға – акционер басшысының немесе жеке тұлға – акционер өкілінің не заңды тұлға – акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

Дауыстарды санаған кезде бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс беруде тек бір ғана мүмкін нұсқасы белгіленген акционердің (акционер өкілінің) даусы есептеледі.

4. Сырттай дауыс беру бюллетенімен бірге акционерлер:

- 1) жеке тұлға – акционер: акционердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін; бюллетеньге оның өкілі қол қойған жағдайда: акционердің және оның өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмесін және өкілдің қол қоюға құқығын растайтын құжаттың көшірмесін;
- 2) заңды тұлға – акционер: заңды тұлға – акционердің уәкілетті органының оның басшысын тағайындау/сайлау туралы шешімінің көшірмесін; заңды тұлға – акционердің басшысының жеке басын растайтын құжаттың көшірмесін;
- 3) бюллетеньге заңды тұлға – акционердің өкілі қол қойған жағдайда: жоғарыда аталған құжаттарға қоса акционердің өкілінің жеке басын растайтын құжаттың және өкілдің қол қоюға құқығын растайтын құжаттың көшірмесін тапсыруға тиіс.

5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді және осы ақпараттық хабарламада көрсетілген қажет құжаттарды қабылдау Биржаның атқарушы органы нақты орналасқан жерде жүзеге асырылады: Қазақстан Республикасы, А15G7M6 (050040), Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" көпфункционалы кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8-қабат.

\* \* \*

Сырттай дауыс берудің қорытындысы оларды қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы және Биржа Жарғысының 21-бабында белгіленген тәртіппен, акционерлердің жалпы жиналысы жабылған күннен кейінгі он бес күнтізбелік күн ішінде акционерлердің назарына ұсынылады.

**Сырттай дауыс беру арқылы өтетін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасының заң актілерінің нормалары.**

Акционерлердің жалпы жиналысы "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 41-бабы 5-тармақшасына, 43-бабы 6-тармақшасына, 45-бабы 4-тармағы 2-абзацына, 49-бабына, 51 және 52-бабына сәйкес өткізіледі.